

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен орман шаруашылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 31 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен орман шаруашылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң З а ң ы

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен орман шаруашылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 13, 99-құжат, 2005 ж., N 9, 26-құжат):

1) 105-баптың 3-тармағының 5) тармақшасында "қорықтарға, ұлттық, хайуанаттар және дендрологиялық парктерге, ботаникалық бақтарға" деген сөздер "мемлекеттік табиғи қорықтарға, мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтарға, мемлекеттік табиғи резерваттарға, мемлекеттік аймақтық табиғи саябақтарға, мемлекеттік хайуанаттар саябақтарына, мемлекеттік ботаникалық бақтарға, мемлекеттік дендрологиялық саябақтарға және мемлекеттік табиғат ескерткіштеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 122 - бапта:

1-тармақ мынадай редакциямен жазылсын:

"1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлеріне мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтардың, мемлекеттік табиғи резерваттардың, мемлекеттік аймақтық табиғи саябақтардың, мемлекеттік хайуанаттар саябақтарының, мемлекеттік ботаникалық бақтардың, мемлекеттік дендрологиялық саябақтардың және мемлекеттік табиғат ескерткіштерінің жерлері жатады.

Мемлекеттік қорық аймақтары мен мемлекеттік табиғи қаумалдардың жер учаскелері оларды жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алмай, басқа санаттардағы жерлер құрамында бөлінеді және мемлекеттік жер кадастрын жүргізу кезінде ескеріледі.

Мемлекеттік қорық аймақтары мен мемлекеттік табиғи қаумалдардың аумағы шегінде осы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың экологиялық жүйелерінің және оларда орналасқан мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің жай-күйіне және оларды қалпына келтіруге теріс әсер ететін кез келген қызметті шектеу жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелеріне ауыртпалық түсіреді және бұл жерге орналастыру құжаттарында ескеріледі;

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өзге мұқтаждықтар үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлерін алуға ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы Қазақстан Республикасының заң актісінде көзделген ерекшелік жағдайларда ғана жол беріледі.";

3) 123-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"123-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың күзет аймақтарының жерлері

1. Жайсыз сыртқы әсерлерден ерекше күзетпен және қорғаумен қамтамасыз ету үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар төңірегіне осы аймақтар шегінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың экологиялық жүйелерінің және оларда орналасқан мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің жай-күйіне және оларды қалпына келтіруге теріс әсер ететін кез келген қызметке тыйым салып және/немесе шектеп, күзет аймақтары белгіленеді.

2. Мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтардың, мемлекеттік табиғи резерваттардың, мемлекеттік аймақтық табиғи саябақтардың күзет аймақтарының мөлшері, шекарасы, олардың аумағында табиғат пайдалану режимдері мен тәртібі оларды құрудың жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерімен айқындалады және осы Кодекспен және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы Қазақстан Республикасының заң актісімен белгіленген тәртіппен облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, астана) атқарушы органдардың шешімдерімен белгіленеді.

Бұл ретте күзет аймағының ені кемінде екі километр болуға тиіс және меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелерінің шекарасы бойынша немесе табиғи географиялық шептер бойынша белгіленеді және жергілікті жерде арнайы белгілермен қойылады.

3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың күзет аймақтарының шегіндегі жер учаскелері осы аймақтардың белгіленген күзет режимін сақтай отырып пайдаланылады және осы Кодекспен белгіленген шарттарға сәйкес мемлекеттік қажеттіліктер үшін алынуы (сатып алынуы) мүмкін.";

4) 128-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жекеше орман қорының жерлеріне жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың қаражаты есебінен жасалған қолдан өсірілген ормандар, агроорман-мелиорациялық екпелер, арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер және оларға осы Кодекске сәйкес орман өсіру үшін нысаналы мақсатпен жеке меншікке немесе ұзақ мерзімді жер пайдалануға берілген жерлерде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жасалған агроорман-мелиорациялық екпелер өсіп тұрған жерлер ж а т а д ы . " .

2. 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 16, 140-құжат, 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 3-баптың 3) тармақшасында, 26-баптың 2) тармақшасында және 55-баптың 1-тармағының 4) тармақшасында "объектілерінің" деген сөзден кейін "мемлекеттік" деген с ө з қ о с ы п ж а з ы л с ы н ;

2) 6-баптың 4-тармағында және 8-баптың 3-тармағында "плантациялық екпелер" деген сөздерден кейін "және мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен отырғызылған агроорман-мелиорациялық екпелер" деген сөздер қосып жазылсын;

3) 1 8 - б а п т а :

тақырыптағы "функциялары" деген сөз "негізгі қызметі" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) тармақшада "өңдеу" деген сөз "ұксату" деген сөзбен ауыстырылсын;

10) және 11) тармақшалар алынып тасталсын;

4) 36-баптың 7-тармағында "күтіп-баптау мақсатында кесуді және санитарлық мақсатта кесуді" деген сөздер "аралық мақсатта пайдалану үшін кесуді және өзге де мақсатта ағаш кесуді" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 44-баптың 2-тармағының 1) тармақшасында:

екінші абзацта "биосфералық түрлері мен қорық-сепортерлерді қоса," деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

бесінші абзацта "мемлекеттік" деген сөзден кейін "аймақтық" деген сөз қосып ж а з ы л с ы н ;

6) 59-баптың 1-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтардың, аймақтық табиғи саябақтардың және мемлекеттік табиғи резерваттардың шекарасында орналасқан мемлекеттік табиғат ескерткіштері солардың құрамында есепке алынады.";

7) 73-баптың 3-тармағында "орман тұқымдарын дайындау, өңдеу, сақтау" деген с ө з д е р а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

8) 7 7 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілер уәкілетті орган белгілеген тәртіппен құрылады және анықталады.";

9) 7 8 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді аттестаттау мен есепке алуды уәкілетті органның мамандандырылған ұйымдары белгілеген тәртіппен солар жүзеге асырады.";

1 0) 8 0 - б а п т а :

Баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Орман тұқымдарын дайындау, өңдеу, сақтау, пайдалану және олардың сапасын б а қ ы л а у " ;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Орман тұқымдарын дайындауды, өңдеуді, сақтауды, пайдалануды және олардың сапасын бақылауды ұйымдастыру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.";

11) 86-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен отырғызылған агроорман- мелиорациялық екпелер өсіп тұрған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер сатып алынады немесе ұзақ мерзімді жер пайдалануға беріледі және жер заңнамасына сәйкес жекеше орман қоры жерлеріне ауыстырылуы мүмкін.";

12) 89-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"89-бап. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану жөніндегі және бөрене кесу жөніндегі қызметті лицензиялау

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүрек дайындау жөнінде орман пайдаланушылар жүзеге асыратын қызмет және бөрене кесу жөніндегі жұмыс Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасымен белгіленген тәртіппен л и ц е н з и я л а у ғ а ж а т а д ы . " ;

1 3) 9 1 - б а п т а :

баптың тақырыбындағы және 1-тармағындағы "Күтіп-баптау мақсатында және санитарлық мақсатта ағаш кесу кезінде" деген сөздер "Аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу және өзге де мақсатта ағаш кесу кезінде" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2-тармақта "күтіп-баптау мақсатында және санитарлық мақсатта ағаш кесуге" деген сөздер "аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуге және өзге де мақсатта ағаш кесуге " деген сөздермен ауыстырылсын;

1 4) 9 2 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік орман қорының "мемлекеттік табиғи қорықтар ормандары", " мемлекеттік орман табиғат ескерткіштері", "орманның гендік резерваттарын қоса алғанда, ғылыми маңызы бар орман учаскелері", "аса құнды орман алаптары" санаттарында, сондай-ақ мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтар мен мемлекеттік аймақтық табиғи саябақтардың қорық режимі аймақтарында, мемлекеттік табиғи

резерваттардың қорық орталығы аймақтарында орман пайдалануды шектеудің қорықтық режимі белгіленеді.";

2 және 3-тармақтарда "мемлекеттік табиғи саябақтар ормандары" деген сөздер "мемлекеттік аймақтық табиғи саябақтар ормандары" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 5) 1 1 2 - б а п т а :

баптың атауындағы "ақылы қызметтерінен түскен" деген сөздер алынып тасталсын;

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Орман мекемелерінің ақысы міндетті сипатта болмайтын және жеке немесе заңды тұлғамен келісім бойынша айқындалатын олардың негізгі қызметіне жатпайтын мынадай тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен қаражаты болуы мүмкін :

1) көшет материалын өсіру және орман тұқымдарын жинау; көгалдандыру, қорғаныштық, плантациялық және өзге екпелер отырғызу; орман шаруашылығы саласында оқу практикаларын өткізу; консультациялық және техникалық көмек көрсету ;

2) аралық пайдалану үшін ағаш кесуден және өзге де мақсатта ағаш кесуден, жанама орман пайдаланудан алынған сүректі өңдеуден алынған өнім.

2. Орман мекемелерінің қаражатын пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. " .

3. 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 8-9, 53-құжат, N 20, 116-құжат, N 23, 140-құжат; 142-құжат; 2005 ж., N 14, 55-құжат):

1) 50-баптың 1-тармағының 8) тармақшасында:

бірінші абзац "шаруашылық" деген сөзден кейін ", ерекше қорғалатын табиғи аумақтар" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы он бесінші және он алтыншы абзацтармен толықтырылсын:

"меншік немесе жер пайдалану құқықтарын тоқтататын жерлерді мемлекеттік қажеттіліктерге алу (сатып алу), жер пайдаланудың ерекше режимінің белгіленуіне байланысты меншік немесе жер пайдалану құқықтарын шектеу, меншік иелерінің немесе жер пайдаланушылардың құқықтарын бұзу жағдайларында меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға келтірілген залалдарды өтеу;

республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрумен және оларды кеңейтумен, халықаралық міндеттемелерді орындаумен және қорғаныс пен қауіпсіздік қажеттіліктері үшін жерлерді пайдаланумен байланысты жағдайларда жер учаскелерін барлық санаттағы жерлерден алу, соның ішінде сатып алу жолымен алу кезінде болатын залалдарды өтеу;" ;

2) 51-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын :

"меншік немесе жер пайдалану құқықтарын тоқтататын жерлерді мемлекеттік қажеттіліктерге алу (сатып алу), жер пайдаланудың ерекше режимінің белгіленуіне байланысты меншік немесе жер пайдалану құқықтарын шектеу, меншік иелерінің немесе жер пайдаланушылардың құқықтарын бұзу жағдайларында меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға келтірілген залалдарды өтеу;

жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрумен және оларды кеңейтумен байланысты жағдайларда жер учаскелерін барлық санаттағы жерлерден алу , соның ішінде сатып алу жолымен алу кезінде залалдарды өтеу;"

3) 52-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын :

"меншік немесе жер пайдалану құқықтарын тоқтататын жерлерді мемлекеттік қажеттіліктерге алу (сатып алу), жер пайдаланудың ерекше режимінің белгіленуіне байланысты меншік немесе жер пайдалану құқықтарын шектеу, меншік иелерінің немесе жер пайдаланушылардың құқықтарын бұзу жағдайларында меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға келтірілген залалдарды өтеу;

жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрумен және оларды кеңейтумен байланысты жағдайларда жер учаскелерін барлық санаттағы жерлерден алу , соның ішінде сатып алу жолымен алу кезінде залалдарды өтеу;"

4. 1995 жылғы 17 сәуірдегі "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат, N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат, N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат, N 24, 452-құжат, 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат, N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат, 2000 ж., N 10, 248-құжат, N 22, 108-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52, 54-құжаттар; N 13-14, 173, 176-құжаттар; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 15, 151-құжат; N 19-20, 165-құжат; 2003 ж., N 1-2, 2-құжат; N 4, 25-құжат; N 6, 34-құжат; N 10, 50, 51-құжаттар; N 11, 69-құжат; N 14, 107-құжат; N 15, 124, 128, 139-құжаттар; 2004 ж., N 2, 9-құжат; N 5, 27-құжат; N 10, 54-құжат; N 14, 82-құжат; N 15, 86-құжат; N 16, 91-құжат; N 17, 98-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; N 11, 37-құжат; N 14, 55, 58-құжаттар):

9-баптың 1-тармағының 55) тармақшасы "және бөрене ағаш кесу" деген сөздермен толықтырылсын .

2-бап. Осы Заң ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК